

FTAMP 17.01.09

<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-07>

**Т.Е. Қыдыр<sup>1</sup>, Т.С. Тайман<sup>2</sup>, С. Жарбұлова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

<sup>2,3</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

E-mail: <sup>1</sup>[qydyr.torali@gmail.com](mailto:qydyr.torali@gmail.com), <sup>2</sup>[st-1968@mail.ru](mailto:st-1968@mail.ru), <sup>3</sup>[zharbul@mail.ru](mailto:zharbul@mail.ru)

ORCID: <sup>1</sup>0000-0001-9549-256X, <sup>2</sup>0000-0002-0547-9837, <sup>3</sup>0000-0001-6485-5452

## М. ШОҚАЙ ӨЛЕҢДЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ-МӘТІНТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

**Аңдатпа.** Мұстафа Шоқай мұрасы жан-жақты зертелу үстінде. Оның Қокан, Ыстанбұл, Тбилиси, Берлин, Париж қалаларында жазған мақалаларында түркі халықтарының бірлігі мен тұтастығы басты орында тұрды. М.Шоқайдың «Йаш Түркістан», «Түркістан», «Бірлік туы» және т.б. газеттеріне жариялаған дүниелері тарихшылардың назарына ілігіп, біраз зерттеулерге негіз болды. Түркі әдеби (шағатай, османлы) тілінде жарық көрген еңбектерінің тілі бүгінде тілші ғалымдардың да назарын аударуда. Десек те, М.Шоқайдың қаламынан туындаған жыр-жолдары әдебиеттанушылардың назарынан тыс қалып келеді. Оған себеп оның өлеңдерінің баспасөз беттерінде жарияланбастан, қолжазба күйінде қалып қоюуы дер едік. Оның студенттік шақта түркімен досы Қ. Бердиевке арналған «Қақажанға», сондай-ақ, Тбилисиде жүріп елге деген сағыныштан туған «Секірген лақ көрдім тау басынан» деген өлеңдері арнайы зерттеу нысанына алынбаған. М. Шоқайдың ақындығына қарағанда саяси қайраткерлігі басым дегенімізбен де, оның қаламынан туған әрбір дүниенің бүгінгі шоқайтануда алар орны ерекше. Шетел мұрағаттарынан табылған бұл өлеңдердің хұснихатын (каллиграфиясын), жазу мәнерін, көркемдігін талдап берудің маңызы жоғары. Оның түркі әдеби тілінде жазған мақалалары мен өзінің ана тілінде туған жыр жолдары тұтастанған жағдайда ғана М. Шоқай әлемі толық ашылары анық.

**Алғыс:** Мақала AP09259892 «Мұстафа Шоқай мұрасындағы қолжазбалардың тарихи-деректілік құндылығы» жобасы аясында дайындалды.

**Кілт сөздер:** Шоқай, өлең, мәтін, қолжазба, графика, нұсқа, көркемдік ерекшелік.

**Т.Е. Кыдыр<sup>1</sup>, Т.С. Тайман<sup>2</sup>, С. Жарбулова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан

<sup>2,3</sup>Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

E-mail: <sup>1</sup>[qydyr.torali@gmail.com](mailto:qydyr.torali@gmail.com), <sup>2</sup>[st-1968@mail.ru](mailto:st-1968@mail.ru), <sup>3</sup>[zharbul@mail.ru](mailto:zharbul@mail.ru)

ORCID: <sup>1</sup>0000-0001-9549-256X, <sup>2</sup>0000-0002-0547-9837, <sup>3</sup>0000-0001-6485-5452

## Сопоставительно-текстоведческий анализ стихотворений М. Шокая

**Аннотация.** Творческое наследие Мустафы Шокая находится на новой стадии всестороннего изучения. В его статьях, написанных в Коканде, Стамбуле, Тбилиси, Берлине и Париже, единство и целостность тюркского народа были главными приоритетами. Публикации М. Шокая в газетах «Яш Туркестан», «Туркестан», «Бирлик туы» и др. привлекали внимание историков и послужили основой для некоторых исследований. Язык его произведений, изданных на общетюркском литературном языке (чагатайском или османском), сегодня привлекает особое внимание лингвистов и компаративистов. Однако стихи, написанные М. Шокаем, остаются вне внимания литературоведов. Причина данного

явления состоит в том, что его поэтические произведения не были опубликованы в печати, а остались в рукописном виде. Его стихотворение «Какажану!», написанное в студенческие годы туркменскому другу К. Бердиеву, а также песня «Прыгающий козлят видел с вершины горы», рожденная от ностальгии по стране, путешествуя по Тбилиси, не попали в специальный объект исследования. Литературное наследие М. Шокая важно для современной науки шокаеведения. Актуально проанализировать каллиграфию, стиль письма и проблемы художественной выразительности этих стихотворений, найденных в зарубежных архивах. Наследие М. Шокая раскроется в полной мере, если полностью изучить его статьи, написанные на тюркском литературном языке, и стихи, написанные на родном языке.

**Благодарности:** Статья подготовлена в рамках проекта AP09259892 «Историко-источниковая ценность рукописей наследия Мустафы Шокая».

**Ключевые слова:** Чокай, поэзия, текст, рукопись, графика, вариант, художественная особенность.

**T.E. Kydyr<sup>1</sup>, S.T. Taiman<sup>2</sup>, S. Zharbulova<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

<sup>2,3</sup>Kyzylorda University named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan

E-mail: <sup>1</sup>kydyr.torali@gmail.com, <sup>st-1968@mail.ru</sup><sup>2</sup>, <sup>zharbul@mail.ru</sup><sup>3</sup>

ORCID: <sup>1</sup>0000-0001-9549-256X, <sup>2</sup>0000-0002-0547-9837, <sup>3</sup>0000-0001-6485-5452

## Comparative textual analysis of M. Shokay's poems

**Abstract.** The creative heritage of Mustafa Shokai is at a new stage of comprehensive study. In his articles written in Kokand, Istanbul, Tbilisi, Berlin and Paris, the unity and integrity of the Turkic people were the main priorities. M. Shok's publications in the newspapers «Yash Turkestan», «Turkestan», «Birlık tuy», etc. they attracted the attention of historians and served as the basis for some studies. The language of his works, published in the common Turkic literary language (Chagatai or Ottoman), today attracts the special attention of linguists and comparativists. However, the poems written by M. Shokai remain out of the attention of literary critics. The reason for this phenomenon is that his poetic works were not published in print, but remained in handwritten form. His poem «Kakazhanu!», written in his student years to a Turkmen friend K. Berdiyev, as well as the song «The Jumping goat saw from the top of the mountain», born of nostalgia for the country, traveling around Tbilisi, did not get into a special object of study. The literary heritage of M. Shoka is important for the modern science of Shoka studies. It is important to analyze the calligraphy, writing style and problems of artistic expression of these poems found in foreign archives. M. Shokai's legacy will be fully revealed if his articles written in the Turkic literary language and poems written in his native language are fully studied.

**Acknowledgments:** The article was prepared as part of the project AP09259892 «Historical and documentary value of manuscripts in the legacy of Mustafa Shokai».

**Keywords:** Chokai, poetry, text, manuscript, graphics, variant, artistic feature.

### 1. Кіріспе

XX ғасырдың басы – әр түрлі саяси платформалар мен концепциялардың түйіскен уақыты. Сол уақыттарда барша шығыс мұсылман елдерін қамтыған саяси оқиғалар Орталық Азия халықтарын да айналып өтпеді. Ғасырлар бойына қалыптасқан дәстүрлі танымдарға жаңаша көзқараспен қарайтын уақыт келіп, жалпы «уммалық» түсініктен «миллеттік», яғни «ұлттық» деңгейге көтерілу қажеттігін уақыттың өзі дәлелдеді. Қадімшалдар мен жәдидшілдердің арасындағы тартыс, жәдидшілдерден түркішілдердің, ал одан ұлтшылдардың шығуы – XX ғасыр басындағы негізгі саяси-әлеуметтік жағдайлар түркі мұсылман халықтарын толықтай қамтыды. Ғылымда «Ояну ғасыры» деп аталған осы тұста ұлт қамын жеген оғандар жергілікті баспасөз беттерінде саяси мақалалар жазып, өз халқын оятуды көздеді. Қырымда «Тәржұман»,

«Миллет», Қазанда «Уақыт», «Шура», «Қазан мухбири», «Таң йылдызы», Өзербайжанда «Хаят», «Иршад», Қазақ жерінде «Қазақ», «Ақ жол», өзбек жерінде «Тэраққи», «Шуһрат», «Хуршид», «Тужжар», «Хурриэт», «Ұлуғ Түркістан» секілді газеттерде Исахан Ибрат, Мунауарқари Абдурашидханов, Абдулла Аулани, Ахмет Байтұрсынұлы секілді ұлт зиялылары өткір мақалалар жазып, Түркістан халқының азаттығы мен еркіндігін аңсады (Tadzhiev, 2021: 343). Күллі түркі мұсылман жұртының өркениет көшінен кеш қалып қалмауын көздеген Мұстафа Шоқай да өзінің жазғандарын «Йаш Түркістан», «Түркістан», «Бірлік туы» секілді т.б. газеттерде жариялап отырды. Оның түркі халықтарының бірлігі жолында жазған дүниелері әлі күнде де маңыздылығын жойған жоқ. «Түркістан автономиясын» құрып, түркілердің рухани тұтастығын аңсаған ол өзінің саяси мақалаларын түркі әдеби тілінде жазды. Бұл тілде Орталық Азия, Еділ-Бұлғар, Кавказ түркілер қалам тербейтін. Өкінішке орай, түркі әдеби тілін «шағатай тілі», «ескі өзбек тілі» деп, бір жақты қарайтындар да кездеседі. Десек те, түркі мұсылмандарына ортақ бұл тілдің Ислам өркениетінің аясында қалыптасқаны, қашан да дамып отырғаны, XX ғасырдың басына дейін қазақ, өзбек, татар, башқұрт, қырғыз, түркімен, ноғайлардың арасында кеңінен қолданылғаны белгілі (Қыдыр, 2021: 18). Мысалы, оның «Йашасұн Туркестан мухтарыаты» деген ұраны былай жазылған: «تركستان! مختاریاتی! تركستان! یاشاسون تركستان مختاریاتی! تركستان! فوق العاده قورولتایی تركستان اولكه سیده بولغان خلق لارنگ خواهش لری بویچه مسلمانلاری نگ دورتنچی فوق العاده قورولتایی تركستان اولكه سیده بولغان خلق لارنگ خواهش لری بویچه بيوك روسیه انقلابی طرفیدن بریلگان اساسلرگه بنا فیدیراتسیه اساسیگه قورولغان روسیه جمهوریتی ایله برلیكده تركستانس یرلیك مختاریتلی یعنی «تیریتوریالی آقتانومه لك» اعلان قیلادور بو ختاریتنگ نه صورتده وجودگه قویلماییتی یاقن آراهه یغیلادورغان عموم تركستان خلقی نگ اوچریدیتیلنی صابرانیه سیگه «تركستان مجلس موسانی» گه تابشورادور شونگ ایله برابر تركستان اولكه سیده اقلیت تشكیل قیلغان ملت لرنگ حوقلری نگ هر جهیتیدن ساقلانیلماغینی «هم طنطنه لی صورتده بیان ایته دور. «شهر خوقند»

هجریه 1336 سنه صفر اخیر میلادیه 27 1917 نو یابر

*«Йашасұн Туркестан мухтарыаты! Туркестан мусәлманларының дөртүнчі құрұлтайы Туркестан улкәсідә болған халқларның хохешләрі буйича биүк руссия инқилабы тәрәфідін берілгән әсасләрігә бинаән фидиратсийа әсасігә құрұлған Руссия жумһурийаты илә бірлікдә қалғаны халдә Туркестанны йерлік мухтарыятлы, яғни «территориалный афтономиелик» иглән қыла-дур.*

*Бұ мухтарыятның не сурәтде ужудгә қойылмағыны йақын арада йығыладұрған умум Туркестан халқының учредителный собраниесіге (Туркестан мәжлис мусәни) ге табишұра-дур.*

*Шунің иле бәрабәр Туркестан улкәсідә әқәллийәт тәшкіл қылған милләтлернің хуқуқларының һәр жиһәтдін сақланылмағыны һәм тәнтәнәлі сурәтде бәйан етә-дур. «Шәһр-е Хуқанд». Ѓижрийә 1336 сәнә 25 сафар ахир, миләдийә 1917, 27 ной-абр» (Шоқай, 2012. II:51).*

Түркі халықтарының бірлігі мен рухани тұтастығын аңсаған М.Шоқай өзінің саяси-сараптамалық һәм танымдық мақалаларын ортағасырларда негізі қаланған түркі әдеби тілінде жазғанымен де, ол өзінің ана тілі – қазақша да қалам тербеп отырды. Оның елге жазған кейбір хаттары мен мақалалары соны айғақтайды. Жастайынан халық ауыз әдебиетінің озық үлгілерімен сусындап өскен М.Шоқай өлең сөзден

де хабарсыз емес еді. Оның түркімен досы Қ.Бердиевке жазған өлеңі мен Тбилисиде жүріп елге деген сағыныштан туған жыр жолдары соны айғақтайды.

М. Шоқайдың саяси ұстанымдары мен дүниелік көзқарастары оның қазақ, қала берді барша түркі мұсылман халықтарында біраз зерттеулерге негіз болған. Десек те, оның әдеби мұрасы, жыр жолдарының поэтикасы өте аз зерттелгенін баса айтқан жөн. Тархишы К.Есмағамбетовтың «Ана тілі» газетінде жариялаған «Мұстафа Шоқай әдебиет әлемінде» деген мақаласында М. Шоқайдың әдеби кеңістігі біраз қарастырылған. Ғылыми-танымдық тұрғыдан жазылған мақалада М. Шоқайдың сол замандағы әдеби өмірмен тығыз байланыста болғаны, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін Европа төрінде танытуға күш салғаны айтылған. Сонымен бірге, М.Шоқайдың қазақ жеріндегі әдеби туындыларды шамасы келсе алдыртып, оқып отырғанына тарихшы назар аударған (Есмағамбетов, 2015).

## **2. Материалдар мен әдістер**

### **2.1 Зерттеу әдістері**

Мақаланы дайындау барысында Мұстафа Шоқайдың жеті томдық шығармаларының толық жинағы мен шетел мұрағаттарынан табылған қолжазбалары, сондай-ақ, оның мұрасына қатысты әр жылдары жарық көрген ғылыми мақалалар негізге алынды. Мәтінді зерделеу барысында талдау, салыстыру, қорыту әдістері қолданылды. Сондай-ақ, Мұстафа Шоқайдың мұрасын сол дәурдің әдеби тынысымен байланыстыра отырып зерттеу үшін мәдени-тарихи және әдеби-герменевтикалық әдістерге де кеңінен орын берілді.

### **2.2 Материалға сипаттама**

Студенттік шақтан өлең сөзге жақын болып, өз ойларын өлең сөзбен өрнектеген М. Шоқайдың бізге дейін жеткен жыр жолдары арнайы зерттеу нысанына алынбаған. Оның саяси мақалалары сол замандарда газет беттерінде жарияланып тұрғанымен де, жыр жолдары жарық көрмеген. Сондықтан да арнайы зерттеу нысанына алынбаған. М. Шоқайдың қаншалықты өлең жазғаны туралы нақты мәлімет те жоқ. Бізге дейін жеткен екі өлеңі ғана белгілі: түркімен Қ. Бердиевке жазған әзіл-өлеңі мен елге деген сағыныштан туған жыр жолдары.

Оның студенттік шақта досы Қ. Бердиевке жазған өлеңі құрдасқа деген әзіл-қалжыңнан туындаған. Отыз екі жолдан тұратын бұл өлең бізге екі қолжазба негізінде жетіп келген. Екі нұсқаны салыстыра қарағанда мәтін бір болғанымен де, жекелеген өзгешеліктерді аңғаруға болады. Ондай өзгешеліктер, негізінен, қазақ сөздерін араб графикасымен беруде орын алған. Бір қолжазбада кейбір сөздер қадім үлгісімен жазылса, екінші нұсқада сол сөздің өзгеріске ұшыраған түрін көруге болады. Яғни, екінші нұсқада араб тілінің дыбыстық ерекшеліктерін ашатын таңбалардың орнына қазақ тілінің дыбыстарын беруге ыңғайлы графика берілген. Сондай-ақ, кейбір дауысты дыбыстар ашып жазылған.


М. Шоқайдың 1919 жылы Тбилисиде жазған «Секірген лақ көрдім тау басында» деген өлеңі бізге жалғыз нұсқада жетіп келген. Оның Париждегі мұрағатынан табылған бұл өлеңі де зерттеушілердің назарына ілікпеген. Өлеңде автордың елге деген сағынышы көрініс берген. Жиырма жолдан тұратын бұл өлеңді оқуға жеңіл болуы үшін кәтіп бес шумаққа бөліп көшірген.

Бізге дейін жеткен осы екі өлеңнің табиғатын ашу маңызды. Ол үшін, әуелі, қолжазбаларға кодикологиялық һәм мәтінтанулық зерттеу жұмыстары жүргізілгені орынды болмақ.

### 3. Талқылау

Мұстафа Шоқайдың Санкт-Петербург университетінде оқып жүрген кезде курстасы Қ. Бердиевке жазған өлеңі бізге дейін екі қолжазбада жетіп келген. Бірінші нұсқаға «Қақажанға...!» деп тақырып қойылса, екіншісі «Қақажан текеге!» деп аталады. Алғашқы қолжазбаның соңына «Мизан: 1914-нчі жыл. Петербург. М.Ч.» деп қолтаңба қалдырылса, екіншісінің соңында «Петербург. Сентябрь. 1914-нчі жыл» деп араб графикасымен жазылған. Екі қолжазба да қадім үлгісінде көшірілген. Жазылу уақыты бір, яғни күздің алғашқы айы. «Мизам» («Мизам шуақ») деп қыркүйекті атаса, сентябрьдің сол ай екені тағы белгілі. Көшірілген жері де «Петербург» екендігі ашып көрсетілген. Уақыты да бір жыл – 1914. Алайда бір өлең екі түрлі аталады әрі жазылу айы бірінде мұсылманша, екіншісінде григориан күнтізбесі бойынша берілген. Алғашқысының әріптері қанық түссе, кейінгісінің әріптері жүгіртпе жазуға келіңкірейді. Яғни, алғашқысы асықпай көшірілген болса, екіншісінде жылдам көшіргеннің іздерін аңғаруға болады. Алғашқы қолжазба оқуға жеңіл болуы үшін шумақтарға ажыратылған.

Екі қолжазбаның түпнұсқасы:





Екі мәтінге кодикология-мәтінтанулық зерттеу жүргізгенде екі қолжазбаның жазылу мәнерінің өте жақын екенін аңғаруға болады. Мәтіндердегі кейбір әріптердің жазылу мәнері өте жақын. Тіпті алғашқы жолдардағы «бә» («ب»), «ләм-әліф» («لا»), «қаф» («ق»), «нун» («ن»), «уау» («و») және т.б. әріптері ұқсас жазылған. Алайда мәтінге зер сала қарағанда кейбір сөздердің жазылуында айырмашылық бар екенін аңғаруға болады. 1-нұсқа қазақтың жәдидшеге дейінгі жазылу мәнеріне келеді. Себебі мұнда «с» дыбысы «*س*», яғни «син» әріпімен берілген. Ал, екінші нұсқада жіңішке «син» әріпінің орнына жуан «*ص*», яғни «сад» әріпі жазылған. Өлең жолдарында келетін «сасық» («*سابق - صاصق*»), «салпаң» («*صالبان - صالباڭ*»), «сары» («*ساری - صاری*»), «асылар» («*أصیلار - أصیلار*») деген сөздердегі «с» әріпі екінші нұсқада «*ص*» «сад» әріпімен көшірілген.

Сондай-ақ, жыр жолдарында келетін «т» дыбысы бірінші нұсқада «*ت*», яғни «тә» әріпімен жазылса, екінші мәтіндегі кейбір «т» әріпі арабтың жуан «*ط*», яғни «та» (кейбір медреселерде бұл әріпті «ытқы» деп те жаттатқызған – Т.Қ.) әріпімен көшірілген. Мысалы, жыр жолдарында келетін «атыздай» («*أتردای - آتردای*»), «туса» («*توسا - طوسا*»), «ұмтылып» («*اومتولوب - اومتولوب*»), «тартып» («*طارتب - طارتب*»), «артыл» («*أرتل - أرطل*»), «тушаға» («*توشاغا - طوشاغا*») деген сөздердегі «т» әріпі екі түрлі таңбаланған.

Екінші нұсқада кейбір жерде кездесетін «е» дыбысы «*ه*» «хай-е һәууәз» арқылы емес, жәй ғана «*ی*» «йай» әріпімен берілген. Мысалы, «серке» сөзі «сирке» («*سیرکه - سه رکه*»), ал, «жеке» сөзі «жике» («*جکه که - جیکه*») болып жазылған.

Жалпы, «е» дыбысын «хай-е һәууәз» («*ه*») немесе «йай» («*ی*») арқылы беру үрдісі түркі жазба әдебиетінде қалыптасқан. «Қаһқажан текеге!» деп аталатын екінші қолжазбада кездесетін кейбір «е» әріпі «*ی*», яғни «йай» әріпіне тіке түскен екі нүкте арқылы берілгенін аңғаруға болады. Әдетте бұл таңбаның қос нүктесі бір сызық бойына қатар түсетін. Бұл мәтінде тігінен түскен. Мысалы: «*سیرکه*», «*تپکه گه*». Әдетте «е» дыбысын бұлай таңбалау пуштун тіліндегі мәтіндерге тән қасиет екені белгілі.

Қадімшада кейбір дауысты дыбыстар көп таңбалана бермейтіні анық. Бұл, әсіресе, қазақтың «*ұ*», «*ү*», «*і*», «*ы*» секілді төл дыбыстарына қатысты. М. Шоқайдың бұл өлеңі қадім үлгісінде хатқа түскенімен де, екінші нұсқада кейбір «*ы*», «*і*» дыбыстарын анық көрсету мақсатымен «*ی*» «йай» әріпімен таңбаланғанын аңғаруға болады. Мысалы, «шібіш» деген сөз бірінші нұсқада «*шбш*» болып жазылса, екінші қолжазбада «*шбіш*» болып берілген («*شیش - شیبش*»). Мұндай жерлер мәтінде жиі кездеседі. Мысалы, «қысыр деген сөз бірінші вариантта «*қср*» болса, екінші қолжазбада «*қсыр*» («*قسیر - قسیر*»); «қашып» деген сөз алғашқы қолжазбада «*қачб*», екіншіде «*қачыб*» («*قاجیب - قاجیب*»); «егіз» сөзі бірінші қолжазбада «*егз*», екіншіде «*егіз*» («*ایگیز - ایگیز*») және т.б.

Сондай-ақ, қазақтың «*ұ*», «*ү*» секілді өзіне тән төл дыбыстары қадімшада көп таңбалана бермеген. Оның бәрі арабша «уау» немесе «*замма*» арқылы берілетін. Осы өлеңдегі «ұмтылып» деген сөз алғашқы қолжазбада «*ұмтұлб*» («*اومتولوب*») деп жазылса, екінші нұсқада «*ұмтұлұб*» («*اومتولوب*») деп көшірілген.

Сонымен бірге, өлеңдердегі кейбір дауысты дыбыстардың жазылуы да бірізді емес. Мысалы, «Түсіріпең» деген сөз алғашқы мәтінде «*түсрүбең*» («*توسروبه گ*») деп таңбаланса, сол сөз кейінгі қолжазбада «*түсрібң*» («*توسریبگ*») деп жазылған.

Екі қолдаздағы мәтіндер бірдей болғанымен де, кейбір сөздерде айырмашылық бар. Мысалы, үшінші шумақта келетін «Бұл күнде салпаң құлақ сары ешкіні» деген үшінші жол бірінші нұсқада «Бұл күнде салбан құлақ сары ешкіні» деп берілген («салбан - صالباڭ»). Алтыншы шумақтың алтыншы жолында келетін осы сөз де осылай көшірілген. Осы шумақтың соңғы тармағында келетін «Қашады бас амандай сенен аулақ» деген жолдың алғашқы сөзі екінші нұсқада «қашыпты» («فاجیتى») деп берілген. Ал, жетінші шумақтың соңғы тармағында келетін «Шүбһәлі» («شبهالى») сөзі екінші қолжазбада «белгісіз» («بیگنيسز») деп берілген. «Шүбһәлі» арабтың сөзі болып, күдікті, күмәнді деген мағына беретіні белгілі. «Белгісіз» сөзі «шүбһәліні» толық ауыстырмаса да, сол мағынаны берері анық.

Сондай-ақ, «Қақажан текеге!» деген нұсқада жетінші шумақтан кейін көп нүкте қойылған. Ал, «Қақажанға!» деп аталатын нұсқада ондай нүкте қойылмаған. Кәтіптің бұл жерде мазмұнға қарай көп нүкте қойған деуге негіз бар. Яғни, алдыңғы шумақтарда жалпылама сипаттай келіп, соңғы шумақта «Алып қой аяқ жаққа күйегінді, Жасытпа көр мен жерге сүйегінді. Бірі бар, бір кетсе ешнәрсе емес, Енді арғыл сары тушаға үйіндег», – деп жолдардың құрдасына тікелей бағытталғанын аңғаруға болады.

Екі қолжазбадағы айырмашылықтарды асылмәтін негізінде былай беруге болады:

1-ші нұсқа	2-ші нұсқа
<p>Қақажанға!...</p> <p>Байлалар қақан сағатт кзююк те ке?                  ауйгдә аутрмаиснг болб <b>се рке</b>                  الاقتى ايجكى قارى <b>شيش</b> بارين برده ى                  قويميسنگ چغا قلسا قويدان چه كه</p> <p>قالمادى <b>قسير</b> ايجكى ايماغندا                  قايدردگ بارين برده ى قارماغندا                  هيچ طوقتار بولماس ساغان قو كه به نه ك                  ايرته كيچ الس جاجن بارماغندا</p> <p>اق شيش اينالدرگ اوزى <b>صاسق</b>                  بولدى اخير بواز سه نه ن <b>قلجيب</b>                  بول كونده <b>صاليباڭ</b> قولاى <b>صارى</b> ايجكىنى                  قولگنان قالغاندايسنگ كيلسه باسب</p> <p>كويله ب جور قاسيگداغى <b>صارى طوشا</b>                  كه تبه بتون السقا اوزاب <b>چينداپ</b> قوسا  <b>اظنداى</b> ايجكى <b>كوزيگ</b> بولار ايندى                  اول سه نه ن چغب كه تب <b>ايگيز طوسا</b></p> <p>بار ايندى بر بورته ايجكى جورگه ن چه تده ب                  هيچ <b>تيكه بارالموشه د</b> اوغان به تده ب                  باقئاداب <b>سوكينا</b> ايزيب قويمى جوروب                  توزاققا <b>توسريپك</b> اوندا اينته ب</p> <p>بولمايتى «باق ياغئا» صاليباڭ قولاى                  «چغار» ديب جاقئداسمام «قاب-قارا الاق»                  اويونه بارا بيرسه م <b>اصيلار</b> ديب  <b>قاجيتى</b> بلس امان ديب سه نه ن اولاق</p> <p>آل ته كه <b>اومطوليب</b> باق زمانگدا  <b>طوشياڭك بارويگداغى</b> امانندا                  بر كونى «باق» اينكزب طارتب قويسا  <b>بيگنيسز بياققا دا چاراريدندا</b></p> <p>.....</p> <p>آلب قوى اياق جاققا كويگدى....                  جاستبا كورمه ن چه ركه سويوگدى                  برى بار برى كه تسه هيچ نرسه ايمه س                  ايندى <b>آرطل صارى طوشياغا</b> اويوگده گى</p> <p>ميزان: 1914 انچى جل بتربورغ مج</p>	<p>قهاچان تيگه گه!</p> <p>بایلانلر قاچان ساغاتت کزویوک ته که؟                  اویگده اوترمایسنگ بولب <b>سیرکه</b>                  الاقتى ايجكى قارى <b>شيش</b> بارين برده ى                  قويميسنگ چغا قلسا قويدان <b>چیکه</b></p> <p>قالمادی <b>قسير</b> ايجكى ايماغندا                  قايدردگ بارين برده ى قارماغندا                  هيچ طوقتار بولماس ساغان قو كه به نه ك                  ايرته كيچ الس جاجن بارماغندا</p> <p>اق شيش اينالدرگ اوزى <b>صاسق</b>                  بولدى اخير بواز سه نه ن <b>قلجيب</b>                  بول كونده <b>صاليباڭ</b> قولاى <b>صارى</b> ايجكىنى                  قولگنان قالغاندايسنگ كيلسه باسب</p> <p>كويله ب جور قاسيگداغى <b>صارى طوشا</b>                  كه تبه بتون السقا اوزاب <b>چينداپ</b> قوسا  <b>اظنداى</b> ايجكى <b>كوزيگ</b> بولار ايندى                  اول سه نه ن چغب كه تب <b>ايگيز طوسا</b></p> <p>بار ايندى بر بورته ايجكى جورگه ن چه تده ب                  هيچ <b>تيكه بارالموشه دى</b> اوغان به تده ب                  باقئاداب <b>سوكينا</b> ايزيب قويمى جوروب                  توزاققا <b>توسريپك</b> اوندا اينته ب</p> <p>بولمايتى «باق ياغئا» صاليباڭ قولاى                  «چغار» ديب جاقئداسمام «قاب-قارا الاق»                  اويونه بارا بيرسه م <b>اصيلار</b> ديب  <b>قاجيتى</b> بلس امان ديب سه نه ن اولاق</p> <p>آل ته كه <b>اومطوليب</b> باق زمانگدا  <b>طوشياڭك بارويگداغى</b> امانندا                  بر كونى «باق» اينكزب طارتب قويسا  <b>بيگنيسز بياققا دا چاراريدندا</b></p> <p>.....</p> <p>آلب قوى اياق جاققا كويوگدى....                  جاستبا كورمه ن جبركه سويوگدى                  برى بار برى كه تسه هيچ نرسه ايمه س                  ايندى <b>آرطل صارى طوشياغا</b> اويوگده گى</p> <p>بتربورغ سننابر 1914 انچى جل</p>

Бірінші қолжазбада өлеңнің соңында «М.Ч.» («م.چ») деп қолтаңба қалдырылған. Әсілі бұл қолжазбаның иесі автордың өзі болуы тиіс. Екінші қолжазбадағы хұснихатта бірінші нұсқаға жақын келеді. Десек те, біз жоғарыда атап көрсеткендей, кейбір дыбыстар арабтың басқа әріптерімен таңбаланған. Негізі арабтың жиырма тоғыз әріпі мен парсының төрт әріпі («п» («ب»), «ч» («چ»), «г» («گ»), «ж» («ج»)) түркі жазба әдебиетіне толық үйлесетін. «С» («ص»; «س»; «ث») және «т» («ط»; «ت») секілді арабта екі-үш таңбамен таңбаланатын әріптердің ішінен «сын» («س») және «тә»-мен («ت» беру қадім үлгісінде жиі кездесетін. Сондықтан да, А.Байтұрсынұлы бір дыбысқа бір таңба қағидасы бойынша араб графикасын реформалаған уақытта «с»-ны «сын» («س»), ал «т»-ны «тә» («ت») әріпімен берген. Ал, қадім үлгісінің белгілі бір ережелерге бағына бермейтінін де айта кеткен жөн. Оның арнайы жүйесі болмағандықтан да, жоғарыда айтылған дыбыстарды тура сол таңбамен беру үрдісі қатаң сақтала бермеген. Мұндай мысалды XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында көшірілген қолжазбалардан жиі кездестіруге болады.

Осы өлең арқылы М. Шоқайдың әзіл өлеңге шебер болғанын аңғаруға болады. Ол құрдасын текеге теңеп, оның серілігін әдемі аша білген. «Ал теке ұмтылып бақ заманында, Токпағың бауырыңдағы аманында. Бір күні бақ еткізіп тартып қойса, Шүбелі пышаққа да жарарыңда» деп жырлаған М. Шоқай құрдасын уытты сөзімен әдемі қағыта білген.

М. Шоқайдың бізге дейін жеткен екінші туындысы – елге деген сағыныштан туған «Секірген лақ көрдім тау басында». Өлең 1919 жылы 22-ші сүмбіле айында Тбилисиде жазылған. Өзі армандаған «Түркістан автономиясын» құру идеясы іске аспаған соң ол, әуелі Ташкентке, кейін Бакуда біраз тұрақтап, Тблисиге келген. Бұл жерде де көп тұрақтай алмаған. Кеңес үкіметі Тблисиде орнаған соң, Түркияға барып бас сауғалаған. Онда да ұзақ қалмастан соңында Парижге кетуге мәжбүр болған. Осылайша өмірінің жиырма бір жырын елден жырақта өткізген М. Шоқайға туған жерінің топырағы бұйырмағаны белгілі. «Секірген лақ көрдім тау басында» деген өлеңі осындай саяси эмигранттықтың алғашқы жылдары жазылған. Елден жырақта жүрген М. Шоқай елге деген сағынышын осы өлеңі арқылы жеткізген. Ауылдың қарапайым өмірі, бейғам балалық шақ, есейе келе саяси өмірдің басталуы... «Балалық еске түсіп ел аңсадым, Баруға заман шалғай ел қасына» деп, бірнеше жылдар бойына шетте жүрген М. Шоқай елге деген ыстық ықыласын өлең сөзбен өрнектеген. Ол балалық шағын еске алып: «Секірген лақты көрдім тау басында, Көрүші ем лақ-қозыны мен жасымда, Балалық еске түсіп ел аңсадым, Баруға заман шалғай ел қасына», – деп жырлайды.

Бес шумақтан тұратын бұл өлеңнің хұснихаты «Қақажанға!» деген өлеңнің жазылу стиліне ұқсайды. Екі қолжазбаның жазылу мәнері бір. Әріптері ұқсас. Бұл өлеңде «Қақажан текеге!» деп аталатын қолжазбасындағыдай арабтың төл дыбыстарына қатысты таңбалар көп берімлегенімен де, арагідік ұшырасып отырады. Мұнда «с», «т» әріптерін «сын» («س»), «тә» («ت») графикасымен беруге тырысқанымен де, арабтың сөздеріне ғана тән «та» («ط») дыбысы арагідік ұшырасып отырады. Мысалы, «ата» деген сөздегі «т» әріпі солай жазылған («أط»). Ал, «тау» деген сөздегі «т» керісінше «тә» әріпімен көшірілген («تو»). Алайда кейбір сөздердің қадім



үлгісінде жазылғанын да аңғаруға болады. Мысалы, арабтың «мирәс» деген сөзінде келетін «с» дыбысы «сә» («ث») әріпімен беріліп, «میراث» деп көшірілген. Сондай-ақ, бұл мәтіннен қазақтың «н» дыбысының қадімша көшірілген түрінде емес, қыпшақ элементтері басым («نگ») «қолжазбалардағыдай «нун+гәф :н» дыбысымен таңбаланғанын аңғаруға болады. Мысалы) «گ» нұсқалар секілді «آگسامد» («аңсадым»), «اوگباس» («оңбас»), «كوگره نه دی» («күңіренеді»), «كوگل» («көңіл»), «آگسانگ» («сінген»), «بالانگ» («баланың»), «سگه ن» («сә»).


Қолжазбаға зейін сала қарағанда «е» дыбысының («ی») «йай»-мен емес, қос нүктесі тігінен түскен «پ» таңбасымен берілгенін аңғаруға болады. Мысалы: «ایل»، «ایلی»، «کیتیر»، «اینب»، «کیتیر». Қадімша тұрмақ кейінгі жәдидшенің ішінен орын алмаған бұл таңба пуштун тіліндегі қолжазбаларда ұшырасатыны белгілі. Десек те, кейбір түркі жәдігерлерінде де аз-кем кездесетінін де ескерген жөн.

Мәтіндегі сөздерде кездесетін «п» үш нүктелі «пә» («پ») таңбасымен көшірілген («بستان»). Ал, «лақпен», «боянып» деген сөздердің соңындағы «п» әріпі «бә» («ب») таңбасымен жазылған («بوینب», «اوتب»).

Мәтінде келетін «ұ», «ү», «ө» секілді төл дыбыстарымызды беруде де араб графикасының біраз «өңделгенін» аңғаруға болады. Мәтіндегі сөздер жуанмен айтылса «ؤ» таңбасымен, ал, жіңішкемен айтылса «ۇ» графикасымен бергенін аңғаруға болады. Мұндай өзгерістер әзіл өлеңінің қолжазбаларында да кездеседі. Десек те мәтіндегі бұл дыбыстарды сақтауда бірізділік жоқ. Яғни, жуанды «ؤ» таңбасымен, жіңішкені «ۇ» белгісімен беру үрдісі қатаң сақталмаған.

Сондай-ақ, жіңішке дыбысталатын жердің алдына «һәмзә» («ء») қойылғанын аңғаруға болады. Мысалы, соңғы шумақтың үшінші жолындағы «сүтпен» деген жерде «с» әріпінің алдына «һәмзә» қойылған («سؤتبه ن»).

**Салыстырмалы-мәтін:**

Түпмәтін	Асылмәтін
	<p>сәс кәргән ақи қордом тәу бәстәндә...          қорұшә м ақи-қорзү мән жамсандә...          баллау айскә тәсәб айл ағсәдәм          бәрүгә зәман жалғай айл қәстәна</p> <p>ауытқушәк баллаққа қорзү ақиқәһән          қорыңқай бұқа бұзғау бай қорлақәһән          бұққәһән ақ зәмәндәр аутб кәйтәдү          ауытқушә қан ағызғұ жүржарәһән</p> <p>ауытқушә қорзүшә айтк қорықәк астан          һәһәр бәр жән дәмә әшә айдү қәһән жәмәстан          ауытқушә бұ қорғәһән қан тәмәдү          жүр аусты қорғәһән дә дү жән дәуостан</p> <p>аилә әсәдәһән дәһән сәзәдәһән «қәһдәдә қорықә»          бәр бәр әһәһән сәһәһән қорғәһән қорғәһән          қорғәһән қорғәһән қорғәһән қорғәһән          қорғәһән қорғәһән қорғәһән қорғәһән</p> <p>қорғәһән қорғәһән қорғәһән қорғәһән          қорғәһән қорғәһән қорғәһән қорғәһән          қорғәһән қорғәһән қорғәһән қорғәһән</p> <p>қорғәһән қорғәһән қорғәһән қорғәһән          қорғәһән қорғәһән қорғәһән қорғәһән          қорғәһән қорғәһән қорғәһән қорғәһән</p> <p>қорғәһән қорғәһән қорғәһән қорғәһән          қорғәһән қорғәһән қорғәһән қорғәһән          қорғәһән қорғәһән қорғәһән қорғәһән</p>

#### 4. Нәтижелер

Түркімен досы Қ. Бердиевке арнап жазған өлеңнің екі қолжазбасын салыстыра келе, алғашқы нұсқаның Мұстафа Шоқай қаламына тиесілі екендігін аңғаруға болады. Себебі соңында қолтанбасы анық қойылған. Екінші қолжазбада кейбір дауысты дыбыстар таңбаланып, оқырманның оқуы үшін жеңілдетілген. Оны автордың көшіруі де немесе кәсіптің басқа адам болуы да ықтимал. Мәтіндердің жазылу мәнері екі түрлі болғанымен де, мазмұны бірдей.

М. Шоқайдың курстасы Қ. Бердиевке арналған өлеңінің «Қақажанға!» деген нұсқасының кирил әрпіне түскен нұсқасы:

#### Қақажанға!...

Байланар саған қашан күйек теке?

Үйінде отырмайсың болып серке.

Лақты, ешкі-қары, шібіш бәрін бірдей,

Қоймайсың шыға қалса қойдан жеке.

Қалмады қысыр ешкі аймағыңда,

Қабдырдың бәрін бірдей қармағыңа.

Еш тоқтау болмас саған қу кебенек,

Ерте-кеш, алыс-жақын бармағыңа.

Ақ шібіш айналдырдың аузы сасық,

Болыпты ақыр буаз сенен қашып.

Бұл күнде салпаң құлақ сары ешкіні,

Қолыңнан қалғандайсың келсе басып.

Күйлеп жүр қасындағы сары туша,

Кетпейтін алысқа ұзап шындап қуса.

Атыздай екі көзің болар еді,

Ол сенен шығып кетіп егіз туса.

Бар еді бір бөрте ешкі жүрген шеттеп,

Еш теке бара алмаушы ед оған беттеп.

Бақылдап соңына еріп қоймай жүріп,

Тұзаққа түсіріпсің оны да ептеп.

Ал теке ұмтылып бақ заманыңда,

Токпағың бауырыңдағы аمانыңда.

Бір күні бақ еткізіп тартып қойса,

Шүбелі пышаққа да жарарыңда.

Болмапты бақ бағыңа салпаң құлақ,

Шығар деп жақындассам қап-қара лақ.

Үйіне бара берсем асылар деп,

Қашыпты бас амандай сенен аулақ.

.....  
.....

Алып қой аяқ жаққа күйегінді,  
Жасытпа көр мен жерге сүйегінді.  
Бірі бар, бір кетсе ешнәрсе емес,  
Енді артыл сары тушаға үйіндегі.

Мұстафа Шоқайдың бүгінгі ғылымға белгілі «Секірген лақты көрдім тау басында» деп аталатын екінші өлеңі 1919 жылы Гүржістан (Грузия – Т.Қ.) Тбилисиде жазылған. Автор елге деген сағынышын осы жыр жолдары арқылы жеткізген. Араб графикасымен хатқа түскен өлеңнің кирилдегі мәтіні:

Секірген лақты көрдім тау басында,  
Көруші ем лақ-қозыны мен жасымда,  
Балалық еске түсіп ел аңсадым,  
Баруға заман шалғай ел қасына.  
Ойнаушы ек балалықта қозы-лақпен,  
Құлыншақ, бота, бұзау, бай шолақпен.  
Бұ күнде о замандар өтіп кетті,  
Ойынымыз қан ағызу жау-жарақпен.  
Ойында жырғушы едік көйлек-ыстан,  
Ешбір жан демеуші еді пәлен-пыстан.  
Ойыннан бұ күндегі қан тамады,  
Жер үсті күңіренеді жан дауыстан.  
Елеусіз деген сөздер: «қанды төкпе»  
Бір-бірін құртпай тынбас көңіл өкпе.  
Төккен қан бала үшін деп ақталады...  
Баланың ата-анадан хақы көп пе?  
Боянып қанға туған бала оңбас,  
Жаудан болған жауыңыз көлге қонбас.  
Дұшмандық сүтпен еніп, қанға сіңген,  
Боп кетер балаларға ата-мирас.

## 5. Қорытынды

Бар ғұмырын түркі халықтарының саяси бірлігі мен рухани тұтастығына арнаған М. Шоқай мұрасының қазақ ғалымдары тарапынан арнайы зерттеліп келе жатқанына ширек ғасырдан асты. Оның шетел мұрағаттарында сақталған мұралардың көшірмелері алынып, ғылыми айналымға еніп келеді. Оның көзі тірісінде баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалары топтастырылып, он екі том болып жарық көрді (Шоқай, 2012. I:5). Осы көптомдықта Шоқайдың саяси ұстанымдарына қатысты біраз дүниелер қамтылған. Десек те, оның шайырлық шеберлігін танытатын жыр жолдары арнайы зерттеу нысанына алынбаған. Оның қаншалықты әдеби мұрасы бар екені де белгісіз. Біз оның екі өлеңінің қолжазбасына кодикология-мәтінтанулық зерттеу жүргіздік. Курстас-досы Қ. Бердиевке арнап жазған өлеңінің екі қолжазбасын қарастыру барысында оның әзіл сөзге ұста болғанын аңғару қиын емес. Сонымен бірге, шетте жүрген М. Шоқайдың елге деген сағынышын да өлең сөзбен әдемі өрнектей білген деуге негіз бар.

Екі өлеңнің үш қолжазбасын зерделеу барысында «Қақажанға!» деген өлең мен «Секірген лақты көрдім тау басында» деген мәтіннің жазылу мәнері бір екені белгілі болды. Ал, «Қақажан текеге!» деген нұсқа жүгіртпе жазу үлгісінде көшірілгендіктен де, кейбір әріптердің жазылу қалыбы өзгеше. Әрі кейбір сөздерді беруде арабтың төл сөздеріне ғана тән әріптермен («ص», «ط» және т.б) көшірілгенін баса айтқан жөн.

Араб графикасын реформалау ХХ ғасырдың басынан түркі халықтарында орын алғаны белгілі. Мың жылдан аса уақыт қолданыста болып келген қадім үлгісін А. Байтұрсынұлы «бір дыбысқа бір таңба» қағидасы негізінде қайта өңдеп шыққан. Оның әліппені реформалауға қатысты ұстанымдары 1912 жылы жарық көрген «Оқу құралы. Қазақша әліппеде» жарияланғанымен де (Ахмет, 2022. 2:788 ), кейбір сөздерді жазу үлгісі жетілдіріліп отырғанын әр жылдары басылған еңбектерінен аңғаруға болады (Ахмет, 2022. IV:43). Себебі, әліппені реформалаудың жазу машығымен қалыптасатыны белгілі.

Негізгі саяси ұстанымдарын түркі әдеби (шағатай, османлы) тілінде жазып келген М. Шоқай, негізінен, қадім үлгісінде жазған. Алайда ХХ ғасырдың басындағы зиялылардың «уммалықтан» «миллеттікке» көшу ұстанымдарын жақсы білетін ол сол кезде жарық көрген А. Байтұрсынұлының «әліппесінен» де хабары болған. М. Шоқайдың өз ана тілінде жазған екі өлеңінің қолжазбаларын зерделеген уақытта ондағы кейбір әріптердің жазылу мәнері соны айғақтайды.

#### Әдебиеттер:

1. Абай шығармаларының академиялық толық жинағы. I-том. – Алматы: Жазушы, 2020. – 640 б.
2. Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының академиялық толық жинағы. II-том. – Алматы: Brand Book, 2022. – 876 б.
3. Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының академиялық толық жинағы. IV-том. – Алматы: Brand Book, 2022. – 744 б.
4. Есмағамбетов К. Мұстафа Шоқай әдебиет әлемінде // «Ана тілі» газеті. 27 тамыз 2015 ж. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/32491>
5. Қыдыр Т. Ортағасырлық түркі әдеби тілінің атауына қатысты кейбір мәселелер // «Вестник Казну» (серия востоковедения), КАЗАХСТАН, рекомендуемый ККСОН МОН РК, издательство: «Қазақ университеті». 2021 ж. №4 (99). – 17-24 бб. <https://doi.org/10.26577/JOS.2021.v99.i4.02>
6. Tazhiyev Kh.; Khasanov N.; Kydyr T. 19 yüzyil sonlarinda ve 20 yüzyilin baslarinda Türkistan dinî-maarifi edebiyatında Ahmed Yesevi izleri // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi. №96. 2020. pp. 319-343. (<https://hbvdergisi.hacibayram.edu.tr/index.php/TKHBVD/issue/view/108>)
7. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. I том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012. – 544 б.
8. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. II том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012. – 664 б.
9. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. III том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012. – 664+4 б.
10. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. IV том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012. – 652 б.
11. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. VIII том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – 560+2 б.

**References:**

1. Abai. (2020) Academic complete works. In three volumes. Vol. 1. – Almaty: Publishing house «Zhazushy. – p 640. (in Kaz.)
2. Ahmet Baitursinuli. (2022) Academic complete works. In five volumes. Vol. 2. – Almaty: Publishing house «Zhazushy. – p 876. (in Kaz.)
3. Ahmet Baitursinuli. (2022) Academic complete works. In five volumes. Vol. 4. – Almaty: Publishing house «Zhazushy. – p 744. (in Kaz.)
4. Esmagambetov K. (2015) Mustafa Shokai in the world of literature // “Ana tili” newspaper. August 27, 2015. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/32491> (in Kaz.)
5. Kydyr T. (2021) Some questions concerning the name of the medieval turkic literary language | Journal of Oriental Studies Al-Farabi Kazakh National University. Volume 99, Number 4. <https://doi.org/10.26577/JOS.2021.v99.i4.02> (in Kaz.)
6. Tadzhiyev Kh.; Khasanov N.; Kydyr T. (2020) The 19th century and the early 20th century Ahmet Yesevi traces in Turkish religious literature | Turkish Culture and Hacı Bektas Veli Research Quarterly. Volume 96, Winter. pp.319-344. // <https://hbvdergisi.hacibayram.edu.tr/index.php/TKHBVD/article/view/2750> (in Turk.)
7. Shokai M. (2012) Complete collection of works. Twelve volumes. Volume I. – Almaty: Dyke-Press. – p. 544. (in Kaz.)
8. Shokai M. (2012) Complete collection of works. Twelve volumes. Volume II. – Almaty: Dyke-Press. – p. 644
9. Shokai M. (2012) Complete collection of works. Twelve volumes. Volume III. – Almaty: Dyke-Press. – p. 664+4. (in Kaz.)
10. Shokai M. (2012) Complete collection of works. Twelve volumes. Volume IV. – Almaty: Dyke-Press. – p. 652. (in Kaz.)
11. Shokai M. (2012) Complete collection of works. Twelve volumes. Volume VIII. – Almaty: Dyke-Press. – p. 560+2. (in Kaz.)